

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛ-ФАРАБИ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ИРАНТАНУ ОРТАЛЫҒЫ, АРАБТАНУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF ORIENTAL STUDIES , FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE
THE AL-FARABI'S RESEARCH CENTER, THE IRANIAN STUDIES CENTER
THE ARABIC STUDIES CENTER



«ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»

халықарапық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

12-13 желтоқсан 2013 жыл

همايش علمى بين المملی
"میراث ابو نصر فارابی و زمان معاصر"

MATERIALS

of the international scientific-theoretical conference

«ABU NASR AL-FARABI'S LEGACY AND MODERNITY»

December 12-13, 2013 year

Арслан М. РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ФИЛОСОФИИ МАВЛЯНЫ ДЖЕЛАЛЕДДИНА РУМИ И ЮНУСА ЭМРЕ В ТУРЕЦКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	156
Базаркулова Б.К. АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АЯСЫНДАҒЫ ИРАН МЕН АРАБ МОНАРХИЯЛАРЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ	160
Байғараев Н.А. МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА СЕРПІН БЕРГЕН ФЕНОМЕН – ЖӘДИДШІЛДІК	163
Булекбаев С. Б., Булекбаева Р. У. О ТЮРКСКОМ ВКЛАДЕ В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	167
Даукеева С.Д. МУЗЫКАЛЬНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОСЛЕДУЮЩУЮ МУЗЫКАЛЬНУЮ НАУКУ НА ВОСТОКЕ И ЗАПАДЕ	171
Еділбаева С. Ж., Нығметова Ә.Т. ПЛАТОННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ	174
Kabilova A. S. PROBLEM HUMANISM MUSLIM EAST THE ARTICLE DEALS THE PROBLEM OF HUMANISM IN MEDIEVAL ISLAMIC PHILOSOPHY	177
Курманғалиева Г. К., Сейтахметова Н.Л. К ВОПРОСУ О СВОЕВРЕМЕННОСТИ ФИЛОСОФИИ АБУ НАСРА АЛЬ-ФАРАБИ	182
Құрманалиева А.Д., Әлікбаева М.Б. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ	187
Кусаинов Д.О., Аюпова З.К. АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ И ЖУСУП БАЛАСАГУНИ О ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВА	191
Мырзалы С.Қ., Әбдірайымова А.С. ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ПЕН ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ	194
Нұрмұратов С.Е. ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ	197
Раев Д. С. ТӨЛЕ БИ ҚӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮСТАНЫМДАР	202
Сейітнұр Ж.С., Жұмажанова Ф.Т. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕМДІК ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Тажыбаева Т.Л., Джабыкпаева А. Ж., Амиржанова Б. А., Далибаева А. А. МНОГОГРАННОСТЬ ИДЕЙ АЛЬ-ФАРАБИ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	211
Шаринов А.Д., Байдаров Е.У. ИСТОРИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ПОДХОДЫ К АНАЛИЗУ КОНЦЕПЦИЙ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА (на примере трудов Фараби и Бируни)	216
عثمان عبد الرحمن عبد اللطيف الفارابي وكتاب إحصاء العلوم	220
Frolov A., Kurmanalieva A.D., Bagasharov K. MULTICULTURALISM AND DIALOGICAL NATURE OF SPIRITUALITY: F. GULEN PERSPECTIVES	224

III СЕКЦИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Dehshiri M.R. THE INDIVIDUAL AND SOCIETY IN FARABI'S VIEWPOINT.....	230
-------------------------------------------------------------------------------	-----

қағаны «Тәңірідей, тәңіріден жаралған» деп суреттеледі. Осының өзі қазақ шешендігіндегі «Тәңірі ұғымының аспан әлеміне бара-бар трансценденттік кеңістік болғаны байқалады. Мұның дәлелі «Тәңірінің күні тарыдан да көп», «Өзі екі етем десе, тәңірі бір етер», «Таңдағы тамақ тәңірден», - деген шешендік мақалдардан және «Отырықшы ел болсаң, тойыңар еді қарны аш. Киінер ел жалаңаш, тәңірі не дер бекерді, еңбек етпей болмайды» (Төле би) –дейтін шешендік толғаудан аңғаруға болады.

Төле бидің адам болмысына қатысты айтылатын ой тізбегінің бірі – адамның бұл дүниедегі тіршілігінің фәнилік, уақытша сипат алуы мәселесі. Айталық, «Көшемін деп отыныңды тауыспа, өлемін деп азығыңды тауыспа» -деп айтылатын қазақ мақалы бір жағынан, жалпы адамзатының тіршілік иесі болатынына нұсқайтын болса, екінші жағынан, пенде жаратылысының фәнилік тіршілігін мойындайтын көзқарасын білдіреді. Олай болса, өмір-тіршілік те, өлім де ғаламдық-табиғи ақпараттың, энергияның, заттың үздіксіз тұтастығы дейтін түсінікті қалыптастырады. Басқашы айтқанда ол екі жалпы Тұтастықтың бірінғай тізбегі, біртұтас органикалық жүйе. Жаратушы өмір пендесін бұл өмірдің жолаушысы ретінде өу баста фәнилік тіршілікті байлам еткен. Оның баянсыздығын пенде білген, яғни «фәни дүние» ұғымы адам үшін априорлық түсінік дейтін ойға жетелейді. Оған “Дүние деген фәни бұл, панасы жоқ, тұрақ жоқ” (Әйтеке би), -деген шешендік шиырлар дәлел.

Қазақ шешендігі философиясындағы адам концепциясы экзистенциялық тұрғыдан қарастырылатындығын айғақтайды. Өмірдің самал болуы фәнилік өмір уақытын өлшеп, өмір ағымы жылдамдығын анықтауға деген үмтылысты көре аламыз. Фәнилік өмірге деген концептуальдық пайымды анық байқаймыз. Демек, пенденің фәнилік тіршілігі ғаламның қарама-қарсы жақтардың бірлігі мен өзара күресіне, саннан сапаға ауысу, бір сападап екінші сапаға ауысу заңдарына, себеп-салдарлық ұстанымға сүйенетін үздіксіз үдерісті білдіретін таным-түсінік. Адамзат болмысына өуі бастан тән болатын экзистенциалистік мазмұнды толықтыра мойындайтын көзқарасты көреміз. Шешендік сөз өнері арқылы адамзат ғұмырының ғаламдық тіршілікке қатыстылығы, уақытша өмір табиғат тіршілігінің құрамдас бөлігі әрі адмзаты тіршілігі бүкіл ғалам тіршілігінің бүтіндігі мен тұтастығын құрасатындын айғақтайды. “Ғұмыр – біреу, кезек – екеу. Кім білген ғұмырдың азы-көбін...” (Төле би) –дейтін шешендік нақыл мен сауал бұл дүниедегі тіршіліктің бір-ақ берілетін ескертіп, оның қашан, аз немесе ұзақ болатынын немесе бұл дүниедегі өмірдің мерзімін білу адамға берілмейтін феномен, ол анықталмайтын шындық екенін мойындатады. Сондықтан қазақ шешендігі жаратылыстың өу бастағы адамзатына тіккен жоспары, рахымы – оның баянына (фәнилігіне) тәуелді еткен деген шындықтың бетін ашады. Олай болса, Жаратылыс пен баян жарқырап тұрған аянның сырға толы егіз өмірдей болып көрінуі сондықтан болар. Ал “Оттан ыстық дегенім – фәни жалған адамның өмірі” (Баја би), -деген шешендік нақыл адамның бұл дүниедегі жалған тіршілігінің «оттан да ыстық» болуы, оның фәнилігінде болатындығын айғақтайды.

1. Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы: Ғылым, 1999. -204 бет.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: жазушы, 1989. -320 бет.
3. Төрекүлов Н. Даланың дара ділмарлары. Алматы: «Қазақстан», 2006. –592 бет.
4. Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы. Алматы: Қарасай, 2011. -268 б.

Ж.С.Сейітнұр

Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан

Ф.Т. Жұмажанова

Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕМДІК ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

В этой статье говорится о необходимости внедрения научного наследия великого и всемирно известного философа, психолога, лингвиста, исследователя музыки Абу Наср Аль – Фараби в учебники высших учебных заведений.

Ключевые слова: Сила души, здоровое тело, соображение, сила, воля.

This article speaks about the need to implement the scientific heritage of the great and the famous philosopher, linguist, psychologist, music researcher Abu Nasr al- Farabi in books of higher education institutions.

Key words: power of soul, healthy body, consideration, strength, will.

Қазақ ұлты 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің мемлекеттілігін қайта қалпына келтіргеннен кейін ғана төл тарихын дербес жазу мүмкіндігіне ие болды. Елімізде әртүрлі ғылым салаларының тарихнамасын жаңадан жазу қолға алына бастады. Өйткені, тарихи-ғылыми таным ғалымдардың жаңа буынын тек өткен оқиғалардан жай хабардар етіп қоймай, олардың дүниетанымы мен көзқарасын қалыптастыратыны белгілі. Отарлық замандағы жоғары оқу орындарының студенттері пайдаланатын оқулықтар негізінен еуроцентристік әдіснама тұрғысынан жазылған немесе бұрынғы метрополия идеологиясы сызып берген шеңбер аясынан шықпайтын еді. Бүгінде сол ахуал түбегейлі өзгерді деп айта аламыз ба? Әріпте психолог-педагог оқытушылардың айтқан пікірлерінен ой түйгеніміз, еліміздің психология мамандығы бойынша даярланып жатқан студенттері шетелдік ғалымдардың еңбектерін жақсы біледі, ал отандық ғалымдардың есімдері мен еңбектерінен хабары шамалы. Өйткені, отандық психологтар негізінен ресейлік және батыстық психология ғылымының үлгілері мен құндылықтарына, технологияларына сүйеніп отырмыз. Елімізде импорттық психология толық үстемдік етуде. Болашақ психолог мамандарды даярлауда да осы бет-бағытты ұстанудамыз. Зерттеу тілі, теориялар мен концепцияларда солардікі. Мұндайда төлтума дүние өзірлеу, тіпті кеңес дәуірі уақытында өз психологиялық мектебін құра білген грузиндер (Д.Н.Узнадзе) тәрізді қазақ психологиялық ғылыми мектебін жасау енді еш мүмкін емес сияқты. Өйткені, еліміздің ғылыми интеллектуалдық тобы барған сайын ұлттық түп-тамырдан ажырап барады. Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы магистрант пен докторанттарымыз тек батыстық зерттеулерді қайталауға ғана жарайтын болады. Жаратылыстану ғылымдарының өкілі болса да оны ұлттық құндылықтармен байланыстыра отыра зерттеу жүргізген профессор Ақжан Жақсыбекұлы Машанов (Әл-Машани) сияқты тұлғалардың шығуы енді екіталай. Әсіресе, Ақжан Жақсыбекұлының ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеуі, оның еңбектерін насихаттаудағы теңдессіз қызметін айтпай кету мүмкін емес. Ол кісінің арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Әбу Насыр әл-Фарабидің Дамаскідегі (Сирия) Баб ас-Сағир қорымынан қабірін іздеп тапты. Әбу Насыр Әль – Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі ХХ ғасырдың 60 – жылдарында ғана қолға алынғаны белгілі. Отандық философияда жетекші тарихи-философиялық бағыттың бірі болып отырған фарабитанудың басында тұрған осы қазақ ғалымы А. Ж. Машанов еді [1-3]. Сондай-ақ, бодандық қамытынан босамай тұрған сол кезеңнің өзінде де А.Ж. Машанов техникалық терминдерді қазақ тілінде жасауды қолға алып оның ғылыми тіл ретінде қалыптастыруға үлкен үлес қосты.

Жоғары оқу орындарына қазір қолданып жүрген психологиялық әдебиеттерді талдайтын болсақ, олардың мазмұнында әлемдік психологияның бастау алар көзінде тұрған және оған айтарлықтай үлес қосқан ғалымдар қатарында ежелгі антикалық философтар (Аристотель, Платон және т.б.) мен орта ғасырдағы еуропалық ғалымдар есімдері мен еңбектері қамтылған. Ал қазақ топырағында дүниеге келген әлемге әйгілі ойшыл, философ, психолог, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.) есімі мен еңбектері мүлдем көрініс таппаған деуге болады. Ғылымды ұлттық шекараны мойындамайтын космополиттік құбылыс деп айтқанды тәуір көретіндер өз жазған кітаптарында бұл ережені қалай ұмытып кететіндеріне таңымыз бар. Мәселен, Ресейде соңғы жылдары жарық көрген психология тарихына қатысты оқулықтарда қазақстандық психолог ғалымдар тұрмақ, әлемнің “екінші ұстазы” атанған, психология саласына қатысты жеті ірі еңбек жазған Әбу Насыр әл-Фараби есімі мүлде аталмайды [4-9]. Бір қызығы, оқулықтардың араб тілді ғалымдардың үлесі туралы айтылатын бөлімінде әл-Фарабиді өзінің ұстазы ретінде таныған ғалымдардың есімдері мен еңбектері көрініс табады. Мұндай таңдап алу, іріктеу тәсілдемесі астарында не жатыр? Өкінішке орай, басқа-басқа, тіпті көрші Ресейге кетіп қалған экс-қазақстандық психологтар да өз кітаптарында әл-Фараби есімін ауызға алмайды. Кейбіреулері тіпті бүгінде ғұламаның атын иеленіп отырған еліміздің тарихи тұңғыш университеті әрі жоғары оқу орындарының көшбасшы болып отырған ҚазҰУ-де белгілі бір кезең аралығында жұмыс істесе, ал біреулері арнайы дәріс оқуға да шақырылған еді. Бұл жағдайда өзге мемлекеттердің ғалымдары тұрмақ, өзіміздің жас ғалымдарымыз мен студенттер үшін университетке әл-Фараби есімі не үшін берілгені түсініксіз болып шығуы мүмкін. Кейде студенттерден аузынан әл-Фарабидің түр-тұлғасы да, ұлты да қазақ емес қой деген пікірлерді де естіп қаламыз.

Осыдан барып, елімізде психология тарихын қалай оқыту керектігі жайлы мәселе туындайды. Жалпы кез-келген мемлекеттің ғылым тарихына қатысты оқулықтарын алып қарасак, өз елдерінің

ғалымдарының еңбектерін, өмірбаянын негіз етіп алады. Қазақстанға қатысты ойшылдардың, психолог ғалымдардың ғұмырбаяндары мен ғылыми еңбектері тек өзімізге ғана қажет екен. Демек, жерлестеріміз бен отандық ғалымдардың еңбектері елеусіз қалмауы тиіс. Тарихты түсіндіруде жана ұстаным қажет. Отандық психология ғылымы тарихын баяндаудағы ескі концепцияны өзгерту оңай емес. Жалпы тарихи-ғылыми зерттеулер фактологиялық бөліктен ғана тұрмай, тарихи-ғылыми деректерді белгілі бір әдіснамалық-тұжырымдамалық тұрғыда түсіндіру жағын да ұмыт қалдырмауы керек.

Әл-Фарабидің психологиясы – бүкіл шығыс, мұсылман әлеміндегі бірінші ғылыми психологиялық теория. Егер психология саласында ұлы грек ғұламасы Аристотель «Жан» деген трактат жазса, біздің ұлы жерлес бабамыз жеті еңбек жазған екен. Олар: «Жанның мәні туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жасөспірімдердің ақылы туралы сөз», «Ересектердің ақылы туралы сөз», «Темпераменттер туралы». Бірақ бұлары біздің заманымызға жетпеген. Оның жан дүниесі туралы толғаныс – тебіреністері бізге басқа еңбектері («Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат», «Азаматтық саясат», «Даналық таңба тастар», «Бақыт жолын сілтеу», «Мәселелердің мәні», т.б.) арқылы біршама мәлім болып отыр.

Психология үшін іргетасы мәселе болып табылатын жан мен тәннің ара қатынасы, бұл екеуінің бір – бірімен байланысы жайлы мәселеде Фараби өзін сол кездегі ғылыми ой – пікірдің биігінен көрсете білді. Ол жанның мәңгі өлмейтіндігін уағыздаған грек ғалымы Платонға қарсы дау айтып, оның «Жан тәннен бұрын пайда болады, жан мәңгі - бақи өлмейді деуі қате түсінік» - деп түйді. Оның пікірінше, «жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан тәннің тірлік қасиеті, адамда екі жан болмайды, адамның тәні де, жаны да өткінші, уақытша. Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Тәннің саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ. Шыққан жан еш уақытта қайтып келмейді, бір денеден екінші денеге көшіп жүрмейді, бірақ қоңілі мен рухы кіршіксіз таза, көзі ашық оқыған адамның жаны мәңгі- бақи өмір сүреді де, надан залым, зымыян адамның жаны өшіп кетіп отырады».

Фараби адам жанының табиғатын қазіргі термин бойынша (психикалық құбылыстары) тәннің құрылысына орайлас түсіндіруге тырысады. «Тәннің де, жанның да иесі – жүрек, бұған мидың да қатысы бар, бірақ тәннің басқа мүшелері сияқты ми да жүрекке бағынышты». Жүрек - тіршілік тірегі, ол қан айналысы мен қимыл- қозғалыстың орталығы. Жүрекпен байланысты мүше жоқ, ми да қорек алып, сонан кейін ғана адамның жан дүниесін басқарады. Жан туралы ілімде Фараби ұстазы Аристотельдің ықпалында болды. Ұлы грек ойшылы өзінің «Жан туралы» еңбегінде өсімдіктерде, жануарларда, адамдарда үш түрлі жан болады десе, түрлеріне ғана ерекше мән береді. Мұның бірі - қозғалдыратын қуат бүкіл организмге ортақ. Ал танып – білу қуаты жануарлар мен адамдарға ғана тән, бұлар сыртқы дүниені түйсіне, сезіне алуға қабілетті. Өсімдіктерде мұндай қабілеті жоқ. Сондықтан да олар бұл топқа кірмейді. Адамда ең алдымен қоректену қуаты пайда болады. Бұл оның тәні, яғни өсіп - өнуге негіз болатын дене бітімі. Адамның танып – білу қуаты да екіге бөлінеді. Мұның біріншісі – сыртқы жан немесе түйсіктену қуаты деп аталады. Мұндай қабілет сыртқы дүние заттарының сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болады. Сыртқы жан қуаты беске бөлінеді. Олар: көру, есіту, дәм, иіс, тері түйсіктері. Екіншісі - ішкі жан қуаты. Бұларға еске түсіру, талпыну қабілеттері жатады. Адамды жануарлардан ерекше бөліп тұрған қуат – оның ақыл – парасаты, яғни ойлай, сөйлей алу қабілеті. Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» дейтін еңбегінде сипаттама береді. Мәселен, ... «қиял - адамға аса қажетті жан қуаты. Ол екі түрлі міндет атқарады. Біріншіден, мұнда сыртқы дүние заттарының бейнелері өңделіп, сұрыпталады, бірі екіншісіне қосылып, одан жаңа бейнелер жасалады. Екіншіден, ол ойлауға материал жинастырады, түйсікпен екеуі адам ойлауының терең, жан жақты, орамды болуына жәрдем береді. Ол түс көру құбылысын қиялмен байланысты түсіндіреді. Түс көру - адамның ояу кезінде шындықта көрген, білген, естіген нәрселерінің мидағы бейнесі. Ұйқы кезінде, мұндай бейнелер адам ыркынан тыс жүріп жатады, бұл қиялдың енжар көріністері. Фарабидің түс көру туралы тұжырымдарының қазіргі ғылыми психологиялық айтқандарымен үндесін жатқаны жақсы байқалады.

Ғұлама адамның тану процестері екі басқыштан тұратындығын айтады. Оның біріншісі - сезімдік кезең. Бұған түйсік, қабылдау, ес прәестері жатады. Түйсік - дүние танудың алғашқы көзі, бірінші баспалдағы. Адамның есі мен елесінің сапалы, әрі нәтижелі болуы оның дұрыс түйсіктене алуына байланысты. Ойлау дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік

береді, бұл танымның екінші басқышы, оның ең жоғарғы сатысы. Ойлау сөйлеумен тығыз байланысты, ол жалпы адамзатқа тән құбылыс, ал тіл болса әр ұлттың, халықтың өзіндік өрнегі. Жаттағаннан түсінген артығырақ, өйткені жаттауда шала түсінікті сөздер көбейіп кетеді, барлық нәрсені жаттап алуға болмайды. Түсіну әр нәрсенің тегін ашып, жалпы ережелер мен қисындар жөнінде талдау жасауға мүмкіндік береді.

Фараби эмоция, сезім процестерін жан қуатының дербес көрінісі деп санамайды. Бұл психиканың қалған түрлеріне бояу береді, оларды қозғалысқа итермелейді. Талпыну, әсерлену қуаты адамның мәнерлі қозғалыстарынан жақсы байқалады. Мәселен, адам ұялғанда қызарса, қорыққан кезде сүп – сүр болып, түсі қашады. Жан қуаттары туралы ілімінде Фараби адамның ерік – жігер, қажыр – қайратын да жеке процесс ретінде пікірлерінде жол- жөнекей сөз етеді. Ол ізгі қала, ондағы адамдардың қажыр – қайраты, ерік – жігері - рухани қасиеттерді қалыптастырудың негізгі факторлары дейді. Қылық пен іс - әрекеттің саналылығы, тоқтамға келушілік, батырлық пен ерлік, рухани жағынан жетіле түсу т.б. ерік – жігердің жақсы сапалары болса, мейірімсіздік, қорқақтық, дүниеқоңыздық, нәпсіқұмарлық т.б. адамның ұнамсыз қасиеттері болып табылады.

Фараби танымның бірініші басқышы – түйсіктер табиғатын дұрыс түсіндіргенімен ойлауға келгенде жаңсақ түсінікке жол береді. Ол ойлау материядан тыс тұрған ерекше рухани күштің әсерінен туып отырады дейді. Бірақ оның түйсік, қабылдау, қиял процестерін сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының денедегі (жүйкедегі) түрлі бейнелер деуі - ғылыми өте байсалды түсінік еді. Мәселен, көз айна тәріздес нәрсе, ол сыртқы дүниенің сәулесі түсіп отыратын алған саңылау. Көру түйсігі көзге зат әсер еткенде ғана пайда болады. Егер көзден зат кетсе, онда түйсік тумайды, құлақ ауадағы тербелістер әсер еткенде ғана естиді. Сезім мүшелерінің қай- қайсысы да адамды сыртқы дүниемен байланысқа түсіретін аспап. «Сыртқы нәрселердің,- деп жазады ол әсерімен... заттардың образдары пайда болады» - Көру түйсігі көзден шыққан шырақтың нәтижесі, көзге зат әсер етпей – ақ түйсік пайда болады дейтін Платон пікірімен Фараби келіспейді. Қараңғыда зат та оның бояуы да анық көрінбейді- деп жазды ол, көзге сырттан күшті әсер келіп түскенде ғана адамда түйсік пайда болады. Бұл жерде ғұлама психологияны іргелі теориялық қисыны «бейнелеу теориясының» төңірегінде сөз қозғай отыр. Ол психикалық процестердің (жан қуаттарының) бәрінде (тек түйсіктену ғана емес) дене мүшелерінде болып жататын белгілі бір материалдық, физиологиялық құбылыстармен байланысты қарайды.

Фараби жан қуаттарының басты түрлеріне сипаттама бере келіп, психологияның бұдан басқа да іргелі проблемалары жөнінде сөз қозғайды. Мәселен, ол психиканың қалайша дамып жетілегіндігі жайлы мәселеге де ерекше мән береді. Жан - айрықша сапада тұрған қасиет. Жануар мен адамның тән құрылысының өзгешілігіне қарай олардың жан қуаттары да өзгеше болады. Материалдық элементтердің қосындысынан (ыстық, суық, дымқыл, құрғақ) жануар психикасы түзілген. Осы элементтердің ең жоғарғы қосындысынан барып адам психикасы пайда болған. Адам - жанды дүниенің теңдесі жоқ туындысы. Оның жануарлардан негізгі айырмашылығы ақыл – парасатпен сөйлей алу қабілеті, өнермен, белгілі кәсіппен айналысуы. Адам қоғамнан, әртүрлі топтардан тыс өмір сүре алмайды, оның бар тіршілігі адам қауымының арасында өтеді. Жеке адам өзінің тілек – талпынысы мен мұң- мұқтажын жеке жүріп қанағаттандыра алмайды. Сондықтан ол басқа адамдармен қарым – қатынасқа түседі. Өйткені, жекелеген адамың тәні де, жаны да ойдағыдай дамымайды.

Фарабидің адамның жан қуаттарының жеке – дара өзгешіліктері туралы айтқан пікірлері де көңіл қоярлықтай. Бұлар адамның жеке өмір сүру тәжірибесінен, оның дене бітімінен, өзіндік белсенділігінен туындап жатады, яғни адам бір – бірінен тән жөнінен қандай өзгеше болса, жан жөнінен де сондай өзгеше болды, яғни жан қуаты біреуде мол, біреуде аз мөлшерде келеді, бұл жағдай оның темпераментіне де байланысты, тәнді жетілдіруге болатыны сиқты жанды жаттығулар арқылы жетілдіреді.

Фарабидің психологияның түрлі салалары (әлеумет, музыка, өнер, медицина т.б.) жайлы айтқан салиқалы пікірлері, сондай- ақ психологиялық терминдердің жүйесін жасағандығы жайлы мәселе өз алдына бір төбе.

Әл – Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы» трактатында қала адамдарының әр түрлі топтарына жеке – жеке сипаттама беріп, бұларды қоғамдық (әлеуметтік) психологияның негізгі категориялары ретінде ұсынып талдау жасады. Фарабидің әлеуметтік психологияға байланысты айтқан пікірлері қазіргі ғылыми психологияның қағидаларымен үндесіп жатқандығы ғылыми жұртшылықты қайран қалдыратыны даусыз. Фараби шығармашылығының

психологиялық тұрғыдан маңызды ғылыми проблемалардың бірі – оның музыка жайлы толғаныстары. Ол өз еңбектерінде, әсіресе «Музыканың үлкен кітабында» әуездің адам сезімдеріне қалайша әсер еткендігі, оның жағымды-жағымсыз көңіл – күйлерін қалайша туғызатындығы, адамның сұлулық талғамы, яғни әсемдік пен ұсқынсыздықты, көріксіздікті бағалай алуы, музыканың адам организмін бір қалыпты күйге келтіруі жайлы сөз қозғайды, эстетикалық талғам мен этикалық түсініктің тығыз байланыстылығын айтады. «Бұл ғылым (музыка,ән) , - деп жазды ол,- өзінің байсалдылығынан айырылған адамды түзеуге, қызба адамды бірқалыпты ұстауға күдіреті әбден жетеді.»

Әл – Фараби медицина саласында да өз мәнін күні бүгінге дейін жоймаған көптеген еңбектер жазды. Оның : «Адамның дене мүшелері хақында», «Аристотель мен Галенге қарсы айтылған дау хақында», «Аристотель мен Галеннің арасындағы дәнекер», «Түс көру туралы сөз» т.б. трактаттарында медициналық психологияның біраз мәселелері сөз болады. Фараби түйінділерінің бұл жердегі негізгі арқауы: адам нәтижелі еңбек етін, дұрыс дем алып, жақсы өмір сүру үшін тән саулығына ерекше назар аудару қажет, яғни тәні саудың – жаны сау дей келіп, «тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуі тиіс», ғұлама адамның психологиялық, әсіресе физиологиялық әрекетіне ерекше мән береді. Ол тән мен жанның әрекеті үшін аяқ пен қолдың бірлескен қызметін атай келе бүкіл организмді басқаруда жүрек негізгі рөл атқарады, тіпті жан қуаттарының жұмысына да жүрек басшылық етеді дейді. Ол аяқ пен қолдың организмдегі орнын дұрыс көрсеткенмен, физиологиялық, психологиялық процестердегі мидың рөлі туралы дәйекті пікір айта алмады. Оның пікірінше, жүрек тіршілік атаулының, денсаулықтың, өмір сүрудің негізгі арқауы.

Ғұламаның науқастың көңіл - күйін арттыру, сөйтіп оның зардаптарын азайту жайлы айтқандарының, яғни қазіргі ғылым тілімен айтқанда, оның психотерапевтік, психопрофилактикалық тұрғыдан жасаған түйіндерінің мәні ерекше. Ол адамды хирургиялық жолмен (сою, күйдіру т.б.) емдеуден гөрі сөзбен сендіру, иландыру әдістерімен емдеуге ерекше мән берді, кейбір дәрігерлердің адамның көңіл – күйін, психологиялық ерекшеліктерін жақсы білмейтіндігін, тіпті мұнымен жөнді санаспайтындығына қынжылады. Ғалымның пікірінше, дәрігердің медицина өнеріне жетілуі, біріншіден, адам ағзаларының ерекшеліктерін білуден, екіншіден, денсаулықтың өлшемін (критерийін) анықтап, оның дұрыс сақтап, егер бұзыла қалса, қалпына келтіруге қолданылатын шараларды білуден, үшіншіден, аурудың түрлерін, оның тудыратын себептерді, кеселді жоятын тәсілдерді дұрыс айырудан, төртіншіден, сау адам мен науқастың психологиясын салыстырып қараудан, бесіншіден, ауруға берілетін дәрі – дәрмектің қолдану жолымен, оның әсерін арттыру (психофармакология) тамақтану режимін белгілі жүйеге түсіруден, алтыншыдан, науқаспен, оның жақындарымен байыппен тілдесе, сөйлесе білу өнеріне машықтана білуден көрінуі тиіс.

Әл-Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т. б, ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор. Оларды жиыстырып, бір жүйеге келтіру және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мазмұнына енгізу - фарабитанушылардың алда тұрған кезекті міндеттерінің бірі.

1. А. Ж. Машанов. Әл – Фараби , « Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабаршысы » - № 5 , 1961.- 105 б.
2. А. Ж. Машанов. Фарабидің « Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаты »//, « Білім және еңбек » - № 1 , 1962.
3. А. Ж. Машанов.Әбунасыр Фараби. « Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары » . Алматы , 1964 ж. // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалым- дары (IX-XIX ғасырлар). – Алматы: ҚМБ, 1964. – 302 б
4. Марцинковская Т.Д. История психологии. - М., 2001. – 544 с.
5. Марцинковская Т.Д., Юрьевич А.В. История психологии: учебник для аспирантов и соискателей ученой степени кандидата наук. -М.: Гардарики, 2008. – 413 с
6. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. История и теория психологии. - Ростов -на –Дону: издательство "Феникс", 1996. – Т. 1.- 480 с., Т.2. - 416 с.
7. Якунин В.А. История психологии: учеб. пособие.– Спб.: Питер, 2001. – 379 с.
8. Ждан А..Н. История психологии. От античности к современности. - М.: Педагогическое общество России, 2002. – 512 с.
9. Галустова О.В. История психологии в вопросах и ответах: учеб. пособие. – М.: Изд-во Проспект, 2005. – 216 с.